Семей медициналық колледжі

# Жамбыл Жабаев

Рахимбаева.А.Ү.
1 м/с А

# Жамбыл Жабаев

**1846-**
**1945**



*«Жамбыл деген – жай атым,*
*Халық – менің шын атым.»*



# Сабақтың мақсаттары

- ***білімділік***:оқушылардың Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығынан алған мәліметтері бойынша білімі мен дағдыларын арттыру.

# *Дамытушылық мақсаты*

Өлеңді мәнерлеп айтқыза отырып, оқушылардың тіл мәдениетін, сөз байлығын, сөздік қорын, көркем шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сатылай кешенді талдау технологиясының элементтерін қолдануды білу.

- ***Тәрбиелік***: оқушыларға Жамбыл Жабаевтің өлеңінің мазмұнын, тақырыбы мен негізгі ойын меңгерте отырып, олардың бойында қазақ халқына, қазақ тіліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, оларға эстетикалық патриоттық тәрбие беру.

# Жамбыл Жабаев – 100 жасаған ақын



**Жамбыл Жабаев халық ақыны, Жамбыл облысы Мойынқұм ауданында туған. Халық ауыз әдебиетінің ірі өкілі. Сүйікті шығармашылығы – айтыс. Батырлар туралы өз халқын қорғаған ерлік істері туралы жырлаған ақын. Соғыс жылдарында Қоршаудағы Ленинград қаласын қорғаған батырларға арнап жазған «Ленинградтық өренім» атты өлеңі көп ұлтты кеңес әдебиетінің ең үздік шығармасы. 1934 жылы Алматыда республикалық айтыстың лауреаты, СССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, 1941 жылы Ленин және Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.**



# Дмитрий Шостакович

- 7 Ленинградтық симфониясы. 1942 жылы жазылған. Ленинградтық қаһармандарға арналған.



# Ленинградтық өренім.
## *(Өлеңнің сатылай кешенді талдаудың сызбасы)*









# Ленинградтық өренім!

Ленинградтық өренім!
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін,
Өркеш-өркеш жарасқан
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз
Шомылдырып кемерін!
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған.
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам!

Жасағам жоқ өмірді
Жау соққанын көргелі,
Төккенім жоқ терімді,
Шер қылғалы кеудені.
Жасалған жоқ салтанат
Жаудың болуға ермегі,

# Ленинградцы, дети мои!

Ленинградцы, дети мои!
Ленинградцы, гордость моя!
Мне в струе степного ручья
Виден отблеск невской струи.
Если вдоль снеговых хребтов
Взором старческим я скользну
Вижу своды ваших мостов
И балтийскую голубизну,
Фонарей вечерних рой,
Золоченых крыш острия…
Ленинградцы, дети мои!
Ленинградцы, гордость моя!

Не затем я на свете жил
Чтоб разбойничий чуять смрад;
Не затем вам, братья, служил,
Чтоб забрался ползучий гад
В город сказочный, в город- сад
Не затем к себе Ленинград
Взор Джамбула приворожил!
А затем я на свете жил,
Чтобы сброд фашистских громил,
не успев отпрянуть назад,
Волчьи кости свои сложил
У священных ваших оград.
Вот зачем на север бегут
Казахстанских рельс колеи,
Вот зачем Неву берегут
Ваших набережных края,
Ленинградцы, дети мои!
Ленинградцы, гордость моя!

# Өлеңнің жасау тарихы

- *1941-1945 жылдар біздің Отанымыз үшін ең ауыр жылдар болды. Гитлер бастаған неміс басқыншылары соғыс жарияламай жерімізге енді. Нева жағасындағы Ленинград қаласы 900 күн қоршауда қалды. Халқымыз үшін бұл күндер – зұлмат күндер болды. Осы қайғылы жағдайға байланысты Жамбыл өзінің "Ленинградтық өренім" атты өлеңін арнады.*

- *Глоссарий:*

- *қоршау – блокада, осада;*
- *Зұлмат –трагедия, бедствие;*
- *Арнады – посвятил.*

# “Ленинградтық өренім” өлеңнің сатылай кешенді талдау сызбасы:

- Авторы – Жамбыл Жабаев.
- Тақырып – халықаралық достығы, Отанды сүйспеншілік.
- Жанр түрі – поэзия (өлең).
- Идеясы – автор тақырып арқылы өзінің сезімін, көзқарасын бейнелейді. Жауға – соққы беру, ленинградтық тұрғындарының ерлігін жырлау.
- 2 шумақ.
- 33 тармақ.
- 1 бунақ.
- Әдеби теориялық ұғымдар:эпитеттер – көк, сүйкімді, заманымның өрнегі. Теңеу – бұлағымдай, өркеш-өркеш жарасқан, шоқылардай, судай.
- Өлеңнің тәрбиелік мәні: бәр халықтар достасып, бірге жауға қарсы шығып, Отанымызды сүйіп, мақтаныш етіп, Елімізді құрметтеп, бірлік пен ынтымаққа ұмтылу.

***Мәтінді оқып, берілген мәліметтерді қолданып, хронологиялық кесте жасау.***

**Жамбыл Жабаев (1846-1945) көрнекті қазақ ақын- импровизаторы. Жамбыл Жабаев 1846 жылдың 28 ақпанында қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген.Ол қазақ даласында танымал болды. Атақты оған қырғыз батыр эпосы «Манас» шығармасының үзіндісі мен шығыс поэмалары «Шахнамэ» және «Мың бір түн» әкелді.**
**Октябрь кезеңіне дейін Жамбылдың айтыстары мен өлеңдері сақталмады, ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп отырған. Олардың кейбір бөліктері ғана қалған. Олардың ішіндегі аса танымалдары: «Менің әкеме», «Шабданға», «Шалтабайға», «Қалиге» т.б.**
**1916 жылғы ұлт- азаттық көтеріліс кезінде Жамбыл халықпен бірге болып, көтеріліске белсенді қатысады. Ақын өз өлеңдерімен көтеріліске қатысушыларды патша режиміне қарсы тұруға шақырды. Осы жылдары Жамбыл «Зілді бұйрық», «Патша әмірі таралды» атты өлең-жырларын шығарды.**
**Жамбыл 1917 жылғы қазан төңкерісінен куәгері болып, қазақ халқы өмірінің барлық жағынан жаңаруын өз көзімен көрді.**
**1919 жылы Жамбыл Жетісу ақындарының слётына қатысты. 1934 жылы Жамбыл халық өнерпаздарының I республикалық съездіне қатысып, нағыз халық ақыны екендігін дәлелдейді. 1936 жылы Мәскеуде қазақ өнерінің онкүндігі өткізілді.**
**1938 жылы Жамбыл шығармашылығының 75 жылдығына орай оған құттықтауларды сол кездегі танымал жазушылар мен Р.Роллан, К.Причард, М.Шолохов жіберді.**
**Ұлы Отан соғыс жылдары кезінде шығарылған «Мәскеу» және тағы да басқа өлеңдері жеңіске жетуге көп үлес қосты. Соғыс жылдарында Жамбыл жалынды, өткір өлеңдерімен халқымызды бейбіт елімізге тұтқиылдан тиген жаудан кек алуға жігерлендірді.**
**Өмірдің соңғы жылдарында жиі науқастанған Жамбыл 100 жасқа аяқ басқанда, 1945 жылы 22-маусымда қайтыс болды.**
**Жамбыл Жабаев өлеңдері қазақ поэзиясының дамуына көп үлес қосқан.**

# Хронологиялық кесте

| № | жылдар | оқиғалар | өлеңдері |
|---|---|---|---|
| 1. | 1846 | Жамбыл дүниеге келді. | |
| 2. | 1916 | Жамбыл көтеріліске қатысады. | "Зілді бұйрық", "Патша әмірі таралды". |
| 3. | 1917 | Қазан төнкерісінің куәгері болды | "Менің әкеме", "Шабданға", "Шалтабайға", "Қалиге" |
| 4. | 1919 | Жетісу ақындарының слетына қатысты | |
| 5. | 1934 | 1 Республикалық слетіне қатысты | |
| 6. | 1936 | Мәскеуде қазақ өнерінің онкүндігі өткізілді | "Мәскеу" |
| 7. | 1938 | Ромен Роллан мен М. Шолохов 75 жылдығымен құттықтады | |
| 8. | 1945 | Қайтыс болды | |
| | | | |

«Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз»

Н.Ә.Назарбаев



# Мұражай




ДЖАМБУЛ
























ЖАМБЫЛДЫН ЖЕКЕ ЗАТТАРЫ


КА 49-62


ЖАМБЫЛ




Астана қаласы Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы
№4


ЖАМБЫЛ


Домбыраның
алтын
ішектері
Золотые
струны
домбры